**Тірек сөздер:** COVID-19, пандемия, дағдарыс, экономикалық мәселелер, бәсекеге қабілеттілік, өнеркәсіптік кәсіпорындар, экономика.

### Негізгі ережелер

Бәсекеге қабілеттілік ұғымы салыстырмалы түрде жас. Бастапқы ұғым-кәсіпорынның белгілі бір салалық нарықта бәсекеге түсу мүмкіндігі болып табылады, өнім және нәтижеге қол жеткізуге бағытталған функциялардың жиынтығы сияқты факторлар бәсекеге қабілеттіліктің негізі болып табылады. Кәсіпорын бәсекеге қабілетті өнім шығара алады, бірақ бәсекеге қабілетті бола алмайды.

Авторлардың пікірінше, өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі – бұл ресурстарды (капитал, персонал, технологиялар, ақпарат, инновациялар және т.б.) әрекет етіп жатқан нарықтық мүмкіндіктерді неғұрлым тиімді пайдалану мақсатында макро- және микро орта факторларының тұрақсыздандыратын әсеріне өндірістік жүйенің қарсы тұру қабілетін (бәсекеге қабілеттілік), сондай-ақ ағымдағы және болашақ кезеңдерде басқа да жарғылық міндеттерді орындауды көрсететін кешенді санат.

Коронавирустық пандемия жағдайында өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорындағы қолда бар ресурстардың және стратегияны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың айналым қаражатының жеткіліктілігін қамтамасыз етудің тиісті стратегиясын іске асырудың есебінен сыртқы ортаның өзгеруіне байланысты болады.

## Кіріспе

Әлемдік экономиканың өсуінің баяулауы экономикаға едәуір зиян келтіретін және болашағын едәуір нашарлататын және тұрақты даму мәселелерін шешуді күрделендіретін бірқатар қысқа және ұзақ мерзімді тәуекелдердің пайда болуына алып әкеледі. Импортқа тәуелділіктің жоғарылауын, сыртқы қарыздың жоғары деңгейін, айтарлықтай және ұзаққа созылған мемлекеттік бюджеттің тапшылығын сезінетін елдер теріс тәуекелді оқиғалар басталғанда әлсіз болып келеді.

Дүниежүзілік қаржылық дағдарыстардың салдарынан шиеленіскен тұрақсыз экономикалық жағдайлар, қатаң бәсекелестік шарттар ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты әлсіреуіне, сыртқы қарыздың өсуіне және Қазақстан Республикасына келетін шетелдік тікелей инвестициялардың таза ағынының қысқаруына алып келді. Осылайша, қазақстандық кәсіпорындардың қызметі жоғары белгісіздік деңгейімен сипатталады. Бұл кәсіпорындардың қауіпсіздігіне экономикалық қатерлер тудыратын сыртқы және ішкі ортаның көптеген факторларының болуымен байланысты [1].

Кәсіпорындардың қызметті басқаруды жетілдіруге және қаржылық әл-ауқаттың өсуіне үнемі қызығушылық білдіруі басқарудың және оның бәсекеге қабілеттілігінің жаңа әдістерін өзекті етеді. Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігінің факторларын зерттеу кәсіпорынды басқаруды қолдау және жетілдіру үдерісіндегі өнімді қадам бола алады.

Қазіргі жағдайда кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін және өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бәсекеге қабілетті нарықта өз позициясын сақтау қабілеті, дамуы анықталады, сонымен қатар кәсіпорындардың сыртқы және ішкі ортаның жағымсыз әсеріне қарсы тұру күші мен экономикалық әлеуеті сипатталады.

Бұл зерттеудің өзектілігі микро деңгейде басқарудың заманауи әдістері мен модельдерін енгізу қажеттілігімен байланысты.

## Әдебиеттерді шолу

«Advanced Research in Law and Economics» журналында [1] жарияланған Қазақстан және Ресей авторларының (Кубаев К.Е., Байшоланова К.С., Сеитова Г.Т., Тарасова А. – Қазақстан және Мищенко О.А – Ресей), бірлесіп жазған мақаласы біздің республикамызда ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыру мақсатында шағын және орта кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау бойынша шаралар кешенін көрсетеді.

Мақалада «OECD Reviews of Risk Management Policies. Future Global Shocks» мақаласында ЭЫДҰ тәуекелдерді басқару саясатын қарастырады [2].

Қазіргі уақытта «өнеркәсіптік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі» деген негізгі ұғымды анықтауға қатысты бірыңғай көзқарас болмағандықтан өнеркәсіптік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі жүйесін түсінудің түрлі ыңғайлары әрекет етеді.

«Өнеркәсіптік кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі» ұғымын түсіндірудің әртүрлі тәсілдерін зерттеу [3–6] авторларға жоғарыда негізгі ережелерде жазылған осы ұғымның өзіндік анықтамасын беруге мүмкіндік берді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін басқару жүйесінің маңызды элементі бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару тетігі болып табылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін басқару тетігінің негізгі мақсаты сыртқы орта өзгерген кезде әлеуеттің пайда болу деңгейін арттыру болып табылады, бұған стратегиялық іс-шаралардың айналым қаражатының жеткіліктілігін қамтамасыз етудің тиісті стратегиясын әзірлеу және іске асыру кезінде қолда бар ресурстарды (материалдық, қаржылық, зияткерлік) барынша пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Коронавирустың өнеркәсіптік кәсіпорындардың дамуына әсері туралы мәліметтер арнайы ақпарат көздерінен алынған [7–8].

Бұл зерттеудің гипотезасы қазіргі жағдайды дұрыс диагностикалау, тұрақсыздандыратын факторлар мен ықтимал қауіптерді анықтау кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігін нығайтуға ықпал етеді.

## Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу кезінде эмпирикалық әдістер қолданылды: бақылау, сауалнама жүргізу, өлшеу, салыстыру, сонымен қатар сараптамалық-теориялық әдістер қолданылды. Зерттеу жүр-

гізу мақсатында химия, машина жасау, электр энергетикасы, металл өңдеу, тоқыма және тамақ салаларының орта және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының жоғары буын менеджерлерінің қатарынан 30 тәуелсіз сарапшыға сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға кәсіпорын басшылары қатысты. Сараптамалық топтың барлық қатысушылары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету жүйесінде кәсіби білімге ие және басқару қызметінде кемінде 3 жыл тәжірибесі бар. Сауалнама 2020 жылдың қазан-қараша айларында жүргізілді. Сұхбат үшін барлығы 174 сауалнама жіберіліп, сарапшылардан 157 жауап алынды.

## Нәтижелер

ЭЫДҰ қазіргі әлемнің дамуын тұрақсыздандыратын төрт «жаһандық дүмпуді» анықтады, бұл әлем халқының денсаулық көрсеткіштеріне және өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігіне тікелей ықпал етеді. Оларға келесілер жатады: 1) вирустық эпидемиялар; 2) кибернетикалық қауіптер; 3) қаржылық дағдарыстар; 4) әлеуметтік-экономикалық толқулар [2].

Ірі көлемдегі эпидемиялардың ерекше қауіптілігі – COVID–19 коронавирустық инфекциясының таралуы, Қазақстанда алғашқы жағдай 2020 жылы 13 наурызда тіркелді [3]. 17 сәуірдегі жағдай бойынша расталған жағдайлардың саны 1480-ге жетті, оның 17-сі өліммен аяқталды [4]. Расталған жағдайлар зертханалық зерттеулердің санымен байланысты екенін ескеру керек, демек, аурудың нақты санының жоғары болуы алаңдаушылық туғызды. Қазақстанда төтенше жағдай жарияланды. Шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдау бойынша шаралар қабылдануда:

- ◆ негізгі қарыз сомаларын және Қазақстан Республикасының нарығында қалыптасқан қиын жағдайдың салдарынан қиыншылыққа тап болған ШОБ-қа берілген барлық несиелер бойынша сыйақы төлеуді тоқтата тұру;

- ◆ ШОБ-тің айналым қаражатын 1 жыл мерзімге 8% мөлшерлеменен 600 миллиард теңгеге жеңілдікпен несиелеу;

- ◆ салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді айыппұлдар мен өсімақыларсыз 3 ай мерзімге кейінге қалдыру;

- ◆ жергілікті атқарушы органдарға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиесілі жылжымайтын мүлік нысандарын пайдаланатын ШОБ субъектілері үшін жалдау төлемдерін есептеуді 3 ай мерзімге тоқтата тұру.

Коронавирустық инфекция пандемиясының Қазақстан экономикасы үшін негізгі теріс салдарларын алдын ала талдау негізінде сарапшылар келесілерді көрсетеді (1-кесте):

1 кесте – Коронавирустық инфекцияның макроэкономикалық ықпалы


№	Коронавирустық инфекцияның макроэкономикалық ықпалы	%*	Дәреже
1	Тікелей шетелдік инвестициялардың кетуі, экономикалық өсім мен жұмыс орындарының азаюына алып келеді	90%	1
2	Бизнесте орын алған шығындар, салық түсімдерінің және кірістердің төмендеуіне алып келеді	85%	2–3
3	Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер үшін табыс және қаржы көзі болып табылатын қызмет көрсету секторы мен бөлшек сауда нарықтарында жұмыс істейтін микро және шағын кәсіпорындардың өндіріс көлемі азайды	85%	2–3
4	Ішкі сұраныс пен сыртқы сауданың қысқаруы, тауар импорты мен экспортынан түсетін түсімдердің азаюы	80%	4
5	Халықтың инфляциялық күтулерінің өсімі, шетел валютасына сұраныстың артуы және ұзақ мерзімді болашақта ұлттық валютаның девальвациясы, алтын-валюта резервтерінің азаюы	75%	5

Ескертпе – Сараптамалық сауалнама негізінде құрылған.

\* – сарапшылардың ескертулерінің пайызы

Сарапшылар (сауалнамаға қатысқандардың 75%-ы) COVID–19 таралуына байланысты жағдайдың дамуын болжау күрделі деп есептейді, сондай-ақ Үкімет пен іс-жүзінде мекемелер енгізген карантиндік төтенше шаралар вирустың таралуын баяулатады.


2020 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімі өндірісінің артқандығын атап өткен сарапшылар үлесі 31%-ды құрады (сауалнамаға қатысқан 11 адам). Респонденттердің 26%-ға жуығы (9 адам) кәсіпорында өндіріс көлемі 2019 жылмен салыстырғанда төмендегенін атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 43%-ы 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өнеркәсіптік өндіріс көлемінің өзгермегендігін атап өтті (1-сурет).



1 сурет – Қазақстан Республикасы кәсіпорындарындағы өндіріс көлемінің өзгерісін сараптамалық бағалау

Ескертпе – Сараптамалық сауалнаманың негізінде авторлармен құрастырылған.

Сараптамалық сауалнамаға сәйкес, Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік кәсіпорындарында қоймалардағы дайын өнім қорының тұрақты жағдайы қалыптасқан. Респонденттердің 34%-дан астамы 2019 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша дайын өнім қорының өскендігін атап көрсетті және 17 сарапшы дайын өнім қорларының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өзгеріссіз қалды деп есептейді (2-сурет).




2 сурет – Дайын өнім қорының өзгерісін сараптамалық бағалау

Ескертпе – Сараптамалық сауалнаманың негізінде авторлармен құрастырылған.

Сарапшылардың басым бөлігі (83%) қорлар «қалыпты» деңгейде екендігін айтады, 2 сарапшы (5,7%) қорларды «стандартты деңгейден жоғары» деп бағалады және 4 сарапшы (11,4%) – «нормадан төмен» деңгейде деп бағалады. Жауаптардың бұлайша бөлінуін салыстырмалы түрде қолайлы деп сипаттауға болады.

Сауалнамаға қатысқандардың шамамен 37,1%-ы өз кәсіпорындарында өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі 70%-дан жоғары екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, сарапшылардың пікірі бойынша, 2020 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша бұл көрсеткіштің өсуі байқалады. Өндірістік қуатты пайдалану деңгейі бойынша сараптамалық бағалаудың бөлінуі 3-суретте көрсетілген.



3 сурет – Өндірістік қуаттың жүктелу деңгейі бойынша сараптамалық бағалаудың бөлінуі

Ескертпе – Сараптамалық сауалнаманың негізінде авторлармен құрастырылған.

Сараптамалық сауалнаманың нәтижелері көрсетіп отырғандай, сату рентабелділігі төмен (5%-дан төмен) өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлесі төмендеуде, 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 20,7% құрайды. Сонымен қатар, жоғары рентабелді кәсіпорындардың үлесі артты және сауалнамаға қатысушылардың жалпы санының 39,6% құрайды. Сондай-ақ негізгі капиталды қалыптастыру және айналым қорларын толықтыру үшін банктік қаржыландыруды қолданатын кәсіпорындардың үлесі өсті (сәйкесінше респонденттердің 5,9% және 15,3%).


Сарапшылардың 81%-ы өз кәсіпорындарының экономикалық жағдайын «жақсы» және «қанағаттанарлық» деп бағалайды. Сонымен қатар, сарапшылардың 7%-ы ғана өз кәсіпорнының тұрақты дамуына қауіптің болмайтындығын атап өтті. Сарапшылардың жартысынан көбі олардың кәсіпорындарының экономикалық қауіпсіздігіне елеулі қауіп бар деп есептейді.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігіне теріс ықпал ететін факторлар арасында басымдылықты көрсететін жағдайлар болып табылатындар: өндірілетін өнімге деген сұраныстың жеткіліксіз болуы, меншікті қаржы ресурстарының жетіспеушілігі, нарықтағы жоғары бәсекелестік. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың экономикалық қауіпсіздігіне теріс әсер ететін факторларды сараптамалық бағалау нәтижелері 4-суретте келтірілген.

Сарапшылардың пікірі бойынша, кәсіпорындардың дамуын тұрақсыздандыратын факторлардың бірі – өндірілген өнімге деген сұраныстың төмен болуы.

Қаржы қорларының тапшылық мәселесін сарапшылардың 28,6%-ы кәсіпкерлікті дамыту жолындағы елеулі кедергі деп есептейді. Көптеген сарапшылар қаржылық мәселелер өндірілген тауарларға деген сұраныстың әлсіздігінен туындап отырғандығын айтады, бұл өз кезегінде Қазақстан халқының тұтынушылық белсенділігінің төмендеуімен анықталады.

Негізгі өндірістік қорлардың тозуының жоғары деңгейі және моральді ескіру мәселесі Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін өзекті болып қала береді. Бұл факторды сарапшылардың 25,7%-ы атап өтті.



4 сурет – Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының экономикалық қауіпсіздігіне теріс ықпал ететін факторларды сараптамалық бағалау нәтижелері

Ескертпе – Сараптамалық сауалнаманың негізінде авторлармен құрастырылған.

### Талқылау

Кез келген кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі экономикалық қауіпсіздіктің міндетті екендігін қарастырады. Бұл мәселеде қолдауды мемлекет көрсетеді. Жүргізілген зерттеулер барысында сарапшылар өнеркәсіптік кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін нығайту мақсатында мемлекеттік қолдау іс-шараларының кешенін бөліп көрсетті:

♦ шағын және орта өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін қаржыландыру мүмкіндіктерін жақсарту.

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың өз бизнесін жақсарту үшін мүмкіндіктері аз.

ШОБ жоғары болжамды тәуекеліне және осы тәуекелді жабу үшін кепілінің болмауына байланысты банктер несиелерін беруге құлықсыз болып келеді.

Микроқаржы және несиелік одақтар ШОК-ті қаржыландырудың неғұрлым танымал көздерінің бірі болып табылады, бұл ретте облигациялық және үлестік қаржыландыру сияқты банктік емес қаржы құралдарының нарығы жеткілікті дамымаған.

Қазіргі уақытта ҚР Үкіметі шағын және орта кәсіпорындардың пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, тікелей несиелеу, сондай-ақ салық жеңілдіктері арқылы қаржыландыруға қол жеткізуін қолдайды. Дегенмен, сарапшылардың пікірінше, бұл шаралар қаржыландыруға қол жетімділікті жақсарту мақсатында экономиканың шектеулі секторларына бағытталған:

1. Кешенді несиелік есептілікті енгізу және ашық банк қызметі. Кешенді несиелік есеп беру әрекет ететін ашық қол жетімділіктегі теріс несиелік ақпаратты беру стандартымен салыстырғанда несиелік берушілерге әлеуетті қарыз алушылардың несиелік тарихы туралы көбірек ақпарат береді. Бұл тәуекелдерді дәлірек бағалау арқылы несиелік қабілеттілігін бағалау үдерісінің құнын төмендетеді. Екінші жағынан, несиелік берушілердің қосымша кепілдік пен жеке кепілдіктерді табу қажеттілігін азайтады.

2. Ірі технологиялық компаниялар банктермен бәсекелестікте мерзімді несиелер және сауданы қаржыландыру сияқты қаржылық қызметтерді ұсыну үшін өз клиенттері туралы деректерді пайдалана алады. Ірі компаниялар жақсы сату тарихы бар компанияларды анықтау үшін алгоритмдерді қолданады және оларға өздерінің меншікті теңгерімін қаржыландыруды ұсынады.

3. Нарықтық несиелеуді және краудфандингтік платформаларды қоса алғанда, балама қаржы платформаларының мақсаты дәстүрлі делдалдық қаржыландырумен байланысты шығындар мен кідірістерді болдырмай, фандрайзерлерді қаржыландыру көздеріне тікелей қосу үшін жаңа технологияларды пайдалану болып табылады.



Нарықтық несие платформалары жеке тұлғаларды немесе несие берушілер тобын қарыз алушылармен салыстыру арқылы қарыздық қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Бұл платформалар, әдетте, дәстүрлі несие берушілерге қарағанда арзан несие өнімдерін және икемді шарттарды ұсына отырып, жеке қарыз алушылар мен төмен несиелік тәуекелі бар шағын бизнес қарыз алушыларына бағытталған.

Мемлекеттік сатып алу саясаты ішкі өндіріс пен тұтынуды ынталандырудың заңды құралы болып табылады.

ҚР Үкіметі ШОК-тың Мемлекеттік сатып алуға қолжетімділігін жеңілдету бойынша арнайы шараларды қолдану мүмкіндігін қарастыруы қажет, атап айтқанда:

1. Әкімшілік ауыртпалықты төмендету – сатып алу рәсімдеріне қатысу үшін қажетті құжаттық дәлелдемелер көлемін қысқарту директиваның негізгі өзгерістерінің бірі болып табылады, ол әсіресе ШОК үшін тиімді болып келеді.

2. Еуропалық бірыңғай сатып алу құжатын (ESPD) пайдалану. ESPD – бұл өзін-өзі жариялаудың стандартты түрі, оны экономикалық оператор толтырады және тапсырыс беруші ұйымға ұсынады. Тапсырыс беруші ұйым ESPD-ді мемлекеттік органдар немесе үшінші тараптар берген сертификаттарды алмастыратын дәлел ретінде қабылдайды. Қазіргі уақытта ЕО ESPD жұмысын электронды түрде аяқтауға көмектесетін тапсырыс беруші органдар, экономикалық операторлар және басқа тараптар үшін тегін веб-сервис әзірледі.

## Қорытынды

Ағымдағы макроэкономикалық жағдайдың белгісіздігін және оның Қазақстандағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметіне әсерін сараптамалық бағалау елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жеткілікті деңгейде адекватты екендігін көрсетеді. Бұл фактордың өнеркәсіптік кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігіне әсерін сарапшылардың 28,6%-ы атап көрсетті. Олардың көпшілігі ұзақ инвестициялары мен өндірістік циклдары бар кәсіпорындардың менеджерлері болып табылады.

Қазақстандық кәсіпорындардың қаржылық жағдайын тұрақтандыру және жұмысының тиімділігін арттыру үшін жағдайларды жақсарту қажет болып табылады. Сарапшылардың пікірі бойынша, қазақстандық кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығын арттырудың бірінші кезектегі міндеттер шағын және орта өнеркәсіптік кәсіпорындарды қаржыландырудың баламалы көздерін дамыту бойынша шаралар, сондай-ақ бұл кәсіпорындардың мемлекеттік тапсырыстарға қол жетімділігін кеңейту болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Kubayev K.E., Baisholanova K.S., Seitova G.T., Tarasova A., Mishchenko O.A. Financial-Lending Stimulation of the Development of the Agro-Industrial Complex in Kazakhstan and in the Russian Federation. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*. – 2018. – 9(6). URL: <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/article/view/3969> (дата обращения: 05.01.2021).

2 OECD Reviews of Risk Management Policies. Future Global Shocks. <https://www.oecd.org/governance/48256382.pdf> (дата обращения: 25.01.2021).

3 Фатхутдинов Р.А. Управление конкурентоспособностью организации. Учебник. — 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Эксмо, 2005. – 544 с.

4 Ивахник Д.Е. Повышение конкурентоспособности промышленного предприятия на основе гибкой ассортиментной политики: дис. канд. экон. наук. – Благовещенск, 2011. – 215 с.

5 Калашникова Л.М. Конкурентоспособность предприятия и их продукции / Л.М. Калашникова // *Машиностроитель*. – 2013. – № 11. – С. 15–18.

6 Джумаева Я. М-Х. Повышение конкурентоспособности предприятия. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/povyshenie-konkurentosposobnosti-predpriyatiya-1/viewer> (дата обращения: 25.02.2021).

7 7 случаев заражения коронавирусом зарегистрировано в Алматы. URL: [http://vteme.kz/news/7\\_sluchaev\\_zarazhenija\\_koronavirusom\\_zaregistrirovano\\_v\\_almaty/2020-03-16-668](http://vteme.kz/news/7_sluchaev_zarazhenija_koronavirusom_zaregistrirovano_v_almaty/2020-03-16-668) (дата обращения: 29.01.2021).

8 Коронавирус в Казахстане, последние новости на 17 апреля 2020: за сутки в стране 78 новых случаев заболевания. URL: <https://www.kp.ru/daily/27119/4200231/> (дата обращения: 29.01.2021).

## ӘДЕБИЕТТЕР ТИЗИМІ

- 1 Kubayev K.E., Baisholanova K.S., Seitova G.T., Tarasova A., Mishchenko O.A. (2018). Financial-Lending Stimulation of the Development of the Agro-Industrial Complex in Kazakhstan and in the Russian Federation. *Journal of Advanced Research in Law and Economics*, 9(6). URL: <https://journals.aserspublishing.eu/jarle/article/view/3969> (data obrashheniya: 05.01.2021).
- 2 OECD Reviews of Risk Management Policies. Future Global Shocks. URL: <https://www.oecd.org/governance/48256382.pdf> (data obrashheniya: 25.01.2021).
- 3 Fathutdinov R.A. (2005) *Upravlenie konkurentosposobnost'ju organizatsii*. Uchebnik. – 2-e izd., ispr. i dop. M.: Izd-vo Jeksmo, 544 p.
- 4 Ivahnik D.E. (2011) *Povyshenie konkurentosposobnosti promyshlennogo predpriyatija na osnove gibkoj assortimentnoj politiki*: dis. kand. jekon. nauk. Blagoveshensk, 215 p.
- 5 Kalashnikova L.M. (2013) *Konkurentosposobnost' predpriyatija i ih produktsii* / L.M. Kalashnikova // *Mashinostroitel'*. No. 11, pp. 15–18.
- 6 Dzhumaeva Ja. M-H. *Povyshenie konkurentosposobnosti predpriyatija*. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/povyshenie-konkurentosposobnosti-predpriyatija-1/viewer> (data obrashheniya: 25.02.2021).
- 7 7 sluchaev zarazhenija koronavirusom zaregistrirvano v Almaty. URL: [http://vteme.kz/news/7\\_sluchaev\\_zarazhenija\\_koronavirusom\\_zaregistrirvano\\_v\\_almaty/2020-03-16-668](http://vteme.kz/news/7_sluchaev_zarazhenija_koronavirusom_zaregistrirvano_v_almaty/2020-03-16-668) (data obrashheniya: 29.01.2021).
- 8 *Koronavirus v Kazahstane, poslednie novosti na 17 aprelja 2020: za sutki v strane 78 novyh sluchaev zabolevanija*: URL: <https://www.kp.ru/daily/27119/4200231/> (data obrashheniya: 29.01.2021).

**Г.Ш. КАЛИАКПАРОВА,<sup>1\*</sup>**

PhD.

\*e-mail: [GK\\_2003@rambler.ru](mailto:GK_2003@rambler.ru)

**Е.Е. ГРИДНЕВА,<sup>1</sup>**

к.э.н., доцент.

e-mail: [elengred@mail.ru](mailto:elengred@mail.ru)

**Н.М. КАЛМАНОВА,<sup>1</sup>**

магистр экономики и бизнеса.

e-mail: [nabi241174@mail.ru](mailto:nabi241174@mail.ru)

<sup>1</sup>Академия «Кайнар», Казахстан, г. Алматы

## КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ПАНДЕМИИ

### Аннотация

Цель статьи – выявление дестабилизирующих факторов конкурентоспособности предприятий и разработки рекомендаций, направленных на повышение эффективности развития казахстанских предприятий в условиях кризиса. В работе использовались методы наблюдения и сравнения, методы конкретизации, аналогий. В основу статьи легли материалы экспертного опроса, проведенного авторами. Результаты проведенного исследования показали, что в промышленном производстве Республики Казахстан сложилась относительно неблагоприятная экономическая конъюнктура. Пандемия COVID–19, внесшая большие перемены в планы людей и предприятий, создала такое явление как мировой кризис. Анализ ситуации показал, что существующая модель экономики уже должна уйти в прошлое, хотя население всего мира еще не успело перестроиться и находится в шоке. Тем не менее постепенно люди и предприятия начинают переосмысливать сложившуюся ситуацию и искать выходы из нее. По результатам экспертного опроса на многих промышленных предприятиях отмечается снижение уровня деловой активности, показателей ликвидности, рентабельности и прибыльности в условиях пандемии. Доминирующее положение среди дестабилизирующих факторов, ограничивающих деятельность промышленных предприятий, занимают факторы недостаточного спроса на выпускаемую продукцию, дефицит собственных финансовых средств, ужесточение рыночной конкуренции, а также неопределенность макроэкономической ситуации. Несмотря на то что данное исследование охватывает в основном круг вопросов, связанных с Республикой Казахстан, полученные выводы представляют определенный интерес при разработке экономической стратегии на предприятиях других стран с развивающейся экономикой.

**Ключевые слова:** COVID–19, пандемия, кризис, экономические проблемы, конкурентоспособность, промышленные предприятия, экономика.

**G.SH. KALIAKPAROVA,<sup>1\*</sup>**

PhD.

\*e-mail: GK\_2003@rambler.ru

**Y.E. GRIDNEVA,<sup>1</sup>**

c.e.s., associate professor.

e-mail: elengred@mail.ru

**N.M. KALMANOVA,<sup>1</sup>**

Master of Economics and Business.

e-mail: nabi241174@mail.ru

“Kainar” Academy, Kazakhstan, Almaty

## **COMPETITIVENESS OF PLANT FACILITIES OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AMIDST PANDEMIC**

### **Abstract**

The aim of the work is to identify the destabilizing factors of the competitiveness of enterprises and to develop recommendations aimed to increase the development efficiency of Kazakhstani enterprises in a crisis. In the work methods of observation and comparison, methods of concretization, analogies were used. The article is based on the materials of an expert survey conducted with the direct participation of the authors of the article and it was a great help in writing the article. The results of the study showed that in the industrial production of the Republic of Kazakhstan a relatively unfavorable economic situation has developed. The COVID–19 pandemic, which made big changes in the plans of all people and businesses, initially put everyone into a stupor, creating such a phenomenon as a global crisis. The analysis of the situation showed that the existing economic model should become a thing of the past, although the population of the whole world has not yet had time to restructure and still is in shock. Nevertheless, people and enterprises are gradually beginning to rethink the current situation and looking for ways out of the current situation. According to the results of the expert survey, at many industrial enterprises there is a decrease in the level of business activity, liquidity indicators, profit margin and profitability in a pandemic. The proceeds from the sale of goods, works of services have decreased the working hours of many industries, shops, beauty salons, etc. were stopped or reduced. Supplies and transportation have decreased. The dominant position among the destabilizing factors limiting the activities of industrial enterprises is occupied by factors of insufficient demand for manufactured products, a shortage of owner’s financial resources, tougher market competition, and the uncertainty of the macroeconomic situation. Despite the fact that this study mainly covers a range of issues related to the Republic of Kazakhstan, the findings born the certain interest when developing an economic strategy at enterprises of other countries with developing economics.

**Key words:** COVID–19, pandemic, crisis, economic problems, competitiveness, industrial enterprises, economy